Бекітемін
«Туберкулезге қарсы санаторлық түрдегі
«Нұр» балабақшасы КММ
директоры Косманбетова Ш.Т.

2025-2026 оқу жылына арналған
Терроризм экстремизмге қарсы іс- шаралар жоспары

№	Іс шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Балабақша қызметкерлері мен тәрбиеленушілері қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жауаптыларды тағайындау, ғимаратта және оның аумағында кіріп шығару және ішкі тәртіп пен күзетті ұйымдастыру туралы бұйрықтар дайындау	Қыркүйек	Меңгеруші
2	Мектепке дейінгі ұйымға кіргізіп- шығару тәртібін ұйымдастыру туралы бұйрықты шығару	қазан	меңгеруші
3	Балабақша қызметкерлерінің нормативті құжаттармен таныстыру. «Азаматтық қорғау туралы» ҚР 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V Заңы -Терроризмге қарсы іс- қимыл туралы Қазақстан Рес публикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №416-1 Заңы (жалпы ережелері)	Қараша	Меңгеруші, әдіскер.
4	Балалардың тәртібін реттеу және балабақшада өзге адамдармен бөгде заттарға назар аудару туралы	Жыл бойы	Әдіскер, психолог
5	Балабақшаға келетеін бөгде адамдарды тіркеу журналын жүргізу	Жыл бойы	Шаруашылық меңгерушісі
6	Ғимараттың, төбелердің, балабақша аумағының жағдайын күнделікті тексеру.	Жыл бойы	Шаруашылық меңгерушісі
7	Балалардың тәртібін реттеу және балабақшада өзге адамдармен бөгде заттарға назар аудару туралы қызметкерлермен нұсқаулықтар өткізу.	Жыл бойы	Педагог- психолог
8	Қауіп төнген жағдайдағы әрекет ету нұсқаулығымен таныстыру.Дабыл кезінде дұрыс әрекет ету жолдарын білу.	желтоқсан	Шаруашылық меңгерушісі
9	Эвакуациялық жаттығу (дабыл кезінд) қауіпсіз жерге көшу тәртібін меңгеру.	Жыл бойы	Шаруашылық меңгерушісі
10	«Табиғат аясында болған жағдайдағы алғашқы медициналық көмек» кеңес.	Қаңтар	Медбике
11	Тәрбиешілердің балалармен «Қауіпсіз жүріс- тұрыс» тақырыбындағы әңгімелері.балаларға қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.	Ақпан	Тәрбиешілер
	Балалармен жұмыс		
1	Балаларға қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.	наурыз	шаруашылық меңгерушісі, тәрбиешілер.
2	«Қауіп! Назар аударыңыз» суреттер көрмесі	сәуір	3
3	Өнегелі мультфильмдер көрсету және ойын негізінде тәрбиешілерді қауіпсіздік ережелеріне дағдыландыру	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер.
4	«Әлем- бақытты балалармен»	Маусым	Әдіскер, тәрбиешілер.

	Ата- аналармен жұмыс		
1	Терроризмге қарсы ата- аналарға жадынама рәсімдеу.	Шілде	Әдіскер, тәрбиешілер.
2	«Терроризм деген не?» Өз өміріңді қалай қорғауға болады?» тақырыбында ата- аналарға қапараттық кеңес.	тамыз	шаруашылық меңгерушісі,

«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы



Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілерді кіргізу және шығару тәртібін ұйымдастыру туралы.

Тақырыбы: Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілерді кіргізу және шығару тәртібін ұйымдастыру туралы.

Жалпы тәртіп

1.Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару белгіленген күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылсын.

2.Тәрбиеленушілерді МДҰ-ға ата-аналары немесе заңды тұлғалары алып келіп, алып кетуге міндетті.

3.Баланы бөгде тұлғаға беру тек ата- анасының (заңды өкілінің) жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылсын.

4.Тәрбиешілер балаларды қабылдау кезінде олардың денсаулық жағдайына сырттай бақылау жүргізсін.Ауру белгілері анықталған жағдайда медицина қызметкеріне көсетсін.

Кіргізу тәртібі:

1.МДҰ аумағына кіру жеке басын анықтайтын құжат немесе рұқсат негізінде жүзеге асырылсын.

2.Бөгде адамдардың МДҰ аумағына рұқсатсыз кіруіне тыйым салынсын.

3. Күзет қызметі немесе жауапты қызметкер келушілерді тіркеу журналын жүргізсін.

Шығару тәртібі:

1.Тәрбиеленушілерді шығару уақыты: сағ___-ден____ге дейін белгіленсін.

2.Баланы алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі тұлғаларға беруге қатаң тыйым салынсын.

3.Ата- аналар баланы 2 аптада 1 рет немесе 1 айда 1рет көрісіп тұруға міндеттелсін.Денсаулығына байланысты көрісе алмаған жағдайда ата-ананаң сұранысы бойынша көрісуге әкімшілікке хабарлассын.

3.Жауапкершілік

1.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жасау меңгерушінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

2.Барлық педагогикалық және техникалық қызметкерлер осы тәртіппен таныстырылып, қол қойдырылсын.

«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы



Балабақша қызметкерлерін нормативтік құжаттармен таныстыру

Тақырыбы:Балабақша қызметкерлерін нормативтік құжаттармен таныстыру

Мақсаты: Балабақша қызметкерлерінің Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласына қатысты нормативтік құжаттар туралы білімдерін жетілдіру, кәсіби қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

-нормативтік құжаттардың мазмұнымен таныстыру;
-педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру;
-құжаттарды тәжірибеде қолдану жолдарын түсіндіру;
-білім беру процесін заң талаптарына сай ұйымдастыру;

Негізгі нормативтік құжаттар:

1. «Білім туралы» ҚР Заңы
2. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
6. Санитарлық қағидалар
7. Еңбек кодексі
8. Балабақшаның ішкі тәртіп ережесі

Кіріспе сөз:

«Мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасы педагогтердің нормативтік-құқықтық құжаттарды білу деңгейіне тікелей байланысты.Әрбір қызметкер өз құқығы мен міндетін білуі қажет»

1.Нормативтік құжаттар туралы түсінік

Нормативтік құжат- білім беру ұйымының жұмысын реттейтін ресми заңды құжат.

Талқыланатын сұрақтар:

-Нормативтік құжат не үшін қажет?

-Педагог жұмысында оның рөлі қандай?

Құжаттарды сақтамаудың салдары қандай?

2.Негізгі құжаттарға қысқаша шолу

«Білім туралы» ҚР Заңы

-Білім беру саласының негізгі принциптері

-Педагогтердің міндеттері;

-білім алушылардың құқықтары;

«Педагог мәртебесі туралы» Заң

-педагог құқықтары;

-әлеуметтік кепілдіктер;

-кәсіби әдеп нормалары.

Мектепке дейінгі білім стандарты

-балалардың даму бағыттары;

-оқу жүктемесі;

-күтілетін нәтижелер;

Санитариялық талаптар

-топ бөлмесінің тазалығы;

-балалар қауіпсіздігі;

-күн тәртібі.

Қорытынды:

«Нормативтік құжаттарды білу-әр педагогтің кәсіби міндеті.Заң талаптарын сақтау арқылы сапалы білім мен қауіпсіз орта қалыптасады»

Тексерілді
Сессия

«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы



Қауіп төнген жағдайдағы жалпы әрекет ету нұсқаулығы таныстыру

Тақырыбы:Қауіп төнген жағдайдағы жалпы әрекет ету нұсқаулығы

Қауіп төнген кезде (өрт, жарылыс, жер сілкінісі, химиялық қауіп, төтенше жағдай) ең бастысы – сабыр сақтау және ресми ақпаратқа сүйену.

Негізгі ережелер:

-Сабыр сақтап, үрейге берілмеу
-Төтенше жағдай туралы хабарламаны тыңдау (радио, теледидар, ұялы телефон)
-туыстар мен жақындарға қысқа хабар беру
Қажет болса эвакуацияға дайындалу

Дайын болу керек заттар:
-Құжаттар (төлқұжат, куәлік)
-Су және азық- түлік (кемінде 1-2 күнге)
-Дәрі қобдишасы
-Фонарь, қуатталған телефон
-Жылы киім
2.Дабыл (сирена) кезінде әрекет ету
Сирена-бұл «Төтенше жағдай» белгісі.Оны естігенде дереу әрекет ету қажет.

Дұрыс әрекеттер:
1.Сабыр сақтау
Дүрбелеңге түспеу
2.Ақпаратты тексеру
-Теледидар, радио немесе ресми SMS хабарламалар қосу

2.Үйде болсаңыз:
-Терезе мен есікті жабу
-Газ, электр құрылғыларын өшіру
-үйден шығу қажет болса- құжаттарды алу

Көшеде болсаңыз:
-Ең жақын қауіпсіз ғимаратқа кіру
-Ашық жерден алшақ болу
-Адам көп жиналған жерге бармау;
5.Эвакуация бұйрығы болса:
-Белгіленген бағытпен шығу
-Балалар мен қарттарға көмектесу
-көрсетілген эвакуация пунктіне бару

3.Тыйым салынатын әрекеттер:

-Дүрбелең жасау, айқайлау
-Ресми ақпаратсыз қауесетке сену
-Қауіпті аймаққа қайта кіру
-Телефон желісін босқа жүктеу (қажетсіз қоңыраулар)

Қорытынды

Қауіп төнген жағдайда ең маңыздысы-тәртіп, сабыр және нұсқаулықты орындау.Дұрыс әрекет ету адамның өмірін сақтап қалу мүмкін.

«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

Тексерды
Сестра



«Табиғат аясында болған жағдайда алғашқы медициналық көмек» кеңес

Табиғат аясында болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша кеңестер

Табиғатта серуендеу, демалу немесе саяхат кезінде күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Сондықтан алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын білу маңызды

1. Жарақат алған кезде:

* Жараны таза сумен шайып, антисептикпен өңдеңіз.

* Қан кетсе, таза таңғышпен басып, қан тоқтатыңыз.

* Жараға таза бинт немесе таңғыш салыңыз.

2. Күйік алған жағдайда:

* Күйген жерді 10–15 минут салқын сумен жуыңыз.

* Күйікке май, крем немесе басқа заттар жақпаңыз.

* Таза, құрғақ таңғышпен жабыңыз.

3. Жәндік шаққанда:

* Шаққан жерді сабынды сумен жуыңыз.

* Суық компресс қойыңыз.

* Аллергиялық реакция байқалса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

4. Күн өткенде:

* Зардап шегушіні көлеңкеге апарыңыз.

* Салқын су беріп, денесін салқындатыңыз.

* Бас айналу, есінен тану белгілері болса, жедел жәрдем шақырыңыз.

5. Сүйек сынуы немесе буын шығуы кезінде:

* Зақымдалған мүшені қозғалтпаңыз.

* Қолда бар материалдармен (таяқ, тақтайша) бекітіңіз.

* Медициналық мекемеге жеткізіңіз.

6. Улану немесе улы өсімдіктермен жанасу кезінде:

* Зардап шегушіні қауіпті аймақтан алыстатыңыз.

* Көп су ішкізіңіз.

* Жағдайы нашарласа, жедел медициналық көмек шақырыңыз.

Есте сақтаңыз: Алғашқы медициналық көмек – зардап шегушінің жағдайын жеңілдетуге бағытталған алғашқы әрекеттер. Ауыр жағдайларда міндетті түрде жедел жәрдем шақыру қажет

«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

Тексерілді
Алоуі



Ғимараттың, төбелердің және балабақша аумағының жағдайын күнделікті тексеру

Ғимараттың, төбелердің және балабақша аумағының жағдайын күнделікті тексеру

Мақсаты: Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, апатты жағдайлардың алдын алу.

Күнделікті тексеру барысында:

* Ғимараттың сыртқы және ішкі жағдайын бақылау;

* Төбелердің, шатырлардың бүтіндігін, су ағу белгілерінің болмауын тексеру;

* Есік, терезе, баспалдақтардың қауіпсіздігін қадағалау;

* Электр желілері мен жарықтандыру құралдарының жарамдылығын бақылау;

* Балабақша аумағының тазалығын, қоршаулардың бүтіндігін тексеру;

* Ойын алаңдарындағы жабдықтардың (сырғанақ, әткеншек, құмсалғыш және т.б.) қауіпсіз жағдайын қарау;

* Ауладағы қауіпті заттарды, сынған бұтақтарды, мұз немесе тайғақ жерлерді дер кезінде анықтап, жою шараларын қабылдау;

* Анықталған кемшіліктерді арнайы журналға тіркеп, жауапты тұлғаларға хабарлау.

Қорытынды: Күнделікті бақылау жүргізу балабақшадағы қауіпсіз ортаны сақтауға және төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді.

«Туберкулез ауруына қарсы санаторлық түрдегі «Нұр» балабақшасы

Тексерілді
Әдіскер



Эвакуациялық жаттығу кезінде қауіпсіз жерге көшу тәртібін меңгеру

Тақырыбы:Эвакуациялық жаттығу кезінде қауіпсіз жерге көшу тәртібін меңгеру

Мақсаты: Төтенше жағдайлар кезінде қызметкерлер мен тәрбиеленушілердің қауіпсіз жерге жедел әрі ұйымдасқан түрде көшу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Дабыл сигналдарының мағынасын түсіндіру

Эвакуация жолдарын дұрыс пайдалану

Тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін сақтау

Жедел және ұйымдасқан түрде ғимараттан шығу дағдысын қалыптастыру

Дабыл (сирена немесе хабарлау жүйесі)

-Эвакуация жоспары (сызба)

«Шығу бағыты» белгілері

Жауапты тұлғалар тізімі

Өткізу тәртібі:

-шартты дабыл беру

-Эвакуация маршрутымен шығу

-Ашық алаңда жиналу

Қатысушыларды тексеру

1. Эвакуациялық дабыл берілген сәтте барлық қызметкерлер белгіленген нұсқаулыққа сәйкес әрекет етеді.

2. Тәрбиешілер балаларды сабыр сақтауға шақырып, топпен бірге қауіпсіз шығу жолына бағыттайды.

3. Эвакуация кезінде итеріспеу, жүгірмеу және тәртіпті сақтау қадағаланады.

4. Барлық адамдар ғимараттан эвакуация жоспарына сәйкес шығып, алдын ала белгіленген қауіпсіз жиналу орнына жиналады.

5. Жиналу орнында балалар мен қызметкерлердің толық саны тексеріледі.

6. Жаттығу аяқталғаннан кейін эвакуацияның орындалу барысы талданып, кемшіліктер мен оларды жою жолдары қарастырылады.

Күтілетін нәтиже:

Қызметкерлер мен балалар эвакуациялық дабыл кезінде қауіпсіз әрекет ету, ғимараттан жедел шығу және қауіпсіз жерге көшу тәртібін меңгереді.

Дабыл кезінде дұрыс әрекет етеді.